

"Техникалық реттеу шараларының сақталуын растау мақсаттары үшін техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган мен уәкілетті органның әкелінетін тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар туралы мәліметтерді, сондай-ақ осындай құжаттардан алынған мәліметтерді алмасу жөніндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 26 қаңтардағы № 74 және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 113 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2022 жылғы 7 маусымдағы № 563 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Сауда және интеграция министрінің 2022 жылғы 7 маусымдағы № 248-нқ бірлескен бұйрығы.

"Техникалық реттеу шараларының сақталуын растау мақсаттары үшін техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган мен уәкілетті органның әкелінетін тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар туралы мәліметтерді, сондай-ақ осындай құжаттардан алынған мәліметтерді алмасу жөніндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 26 қаңтардағы № 74 және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 113 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Техникалық реттеу шараларының сақталуын растау мақсаттары үшін техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган мен уәкілетті органның әкелінетін тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар туралы мәліметтерді, сондай-ақ осындай құжаттардан алынған мәліметтерді алмасу жөніндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 26 қаңтардағы № 74 және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 113 бірлескен бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 8-бабы 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ**:";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасына және Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің төрағасына жүктелсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Техникалық реттеу шараларының сақталуын растау мақсаттары үшін техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган мен уәкілетті органның әкелінетін тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар туралы мәліметтерді, сондай-ақ осындай құжаттардан алынған мәліметтерді алмасу жөніндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары осы бірлескен бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдасын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті және Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурстарында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары – Премьер-Министрінің орынбасары –

Қаржы министрі Сауда және интеграция

_____ *Е. Жамаубаев министрі*

_____ *Б. Сұлтанов*

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

орынбасары – Қаржы

министрінің

2022 жылғы 7 маусымдағы

№ 563 және

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің
орынбасары – Сауда және
интеграция министрінің
2022 жылғы 7 маусымдағы
№ 248-нқ бірлескен бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 26 қаңтардағы № 74
және
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2018 жылғы 19 ақпандағы
№ 113 бірлескен бұйрығымен
бекітілген

Техникалық реттеу шараларының сақталуын растау мақсаттары үшін техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган мен уәкілетті органның әкелінетін тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар туралы мәліметтерді, сондай-ақ осындай құжаттардан алынған мәліметтерді алмасу жөніндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 8-бабы 2-тармағына сәйкес әзірленді және техникалық реттеу шараларының сақталуын растау мақсаттары үшін техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган мен уәкілетті органның әкелінетін тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар туралы мәліметтерді, сондай-ақ осындай құжаттардан алынған мәліметтерді алмасу жөніндегі ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібін (бұдан әрі – Қағидалар) айқындайды.

2-тарау. Техникалық реттеу шараларының сақталуын растау мақсаттары үшін техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган мен уәкілетті органның әкелінетін тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар туралы мәліметтерді, сондай-ақ осындай құжаттардан алынған мәліметтерді алмасу жөніндегі ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібі

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті ай сайынғы негізде есепті айдан кейінгі айдың 5-і күніне дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және

метрология комитетіне қорғалған байланыс арналары бойынша "Қызмет бабында пайдалану үшін" белгісімен ілеспе хат ресімдей отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетіне беруі үшін шартты түрде шығарылған тауарларды қоса алғанда, тауарлар импорты бойынша сыртқы сауда саласындағы мәліметтер тізбесін ұсынады.

3. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті күн сайын есепті күннен кейінгі жұмыс күні сағат 10.00-ге дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне қорғалған байланыс арналары бойынша осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне беруі үшін техникалық реттеу шараларының сақталуын растау үшін қажетті міндетті талаптарға әкелінетін тауарлардың сәйкестігінің сақталуын растайтын Құжаттар тізілімінен алынған мәліметтер тізбесін жолдайды.

4. Ақпарат (XML, EXCEL, DBF, SQL) форматында жолданады.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті мен Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (бұдан әрі – мемлекеттік органдар) мәліметтерді уақтылы жинауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

6. Мемлекеттік органдар ресми хаттармен алмасу кезінде мәліметтерді дайындау, беру және қабылдау үшін жауапты лауазымды адамдарды тағайындау туралы бір біріне хабардар етеді.

3-тарау. Қорытынды ережелер

7. Мемлекеттік органдар осы Қағидалардың шеңберінде алынған мәліметтердің құпиялылығын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтайды.

Техникалық реттеу
шараларының сақталуын растау
мақсаттары үшін техникалық
реттеу саласындағы уәкілетті
орган мен уәкілетті органның
әкелінетін тауарлардың
Еуразиялық экономикалық
одақтың техникалық
регламенттерінде, сондай-ақ
Қазақстан Республикасының
техникалық реттеу саласындағы
заңнамасында белгіленген
талаптарға сәйкестігін растайтын

құжаттар туралы мәліметтерді,
сондай-ақ осындай құжаттардан
алынған мәліметтерді алмасу
жөніндегі ақпараттық өзара
іс-қимыл қағидаларына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетіне беруі үшін шартты түрде шығарылған тауарларды қоса алғанда, тауарлар импорты бойынша сыртқы сауда саласындағы мәліметтер тізбесі

1. Жөнелтуші ел.
2. Тауарларға арналған декларацияның тіркеу нөмірі.
3. Декларациялаған Мемлекеттік кірістер департаменті.
4. Тауар шығарылған ел.
5. Бизнес-әріптес.
6. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушы.
7. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушының жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі.
8. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушының заңды мекенжайы.
9. Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметі Тауар номенклатурасы бойынша тауар коды.
10. Тауардың атауы.
11. Тауарларға арналған декларациядан тауарды сипаттау.
12. Тауардың салмағы, нетто (килограммен).
13. Қосымша өлшем бірлігіндегі мөлшері.
14. Тауардың орналасқан жері.
15. Сәйкестік туралы сертификат немесе әкелінетін өнімдерге сәйкестік туралы декларация берілген күні және нөмірі.
16. Тауардың шартты шығарылуы бойынша таңбасы.
17. Транзиттік декларациядан шекараны кесіп өткен күні (болған жағдайда).

Техникалық реттеу
шараларының сақталуын растау
мақсаттары үшін техникалық
реттеу саласындағы уәкілетті
орган мен уәкілетті органның
әкелінетін тауарлардың
Еуразиялық экономикалық
одақтың техникалық
регламенттерінде, сондай-ақ
Қазақстан Республикасының
техникалық реттеу саласындағы
заңнамасында белгіленген
талаптарға сәйкестігін растайтын

құжаттар туралы мәліметтерді,
сондай-ақ осындай құжаттардан
алынған мәліметтерді алмасу
жөніндегі ақпараттық өзара
іс-қимыл қағидаларына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне беруі үшін техникалық реттеу шараларының сақталуын растау үшін қажетті міндетті талаптарға әкелінетін тауарлардың сәйкестігінің сақталуын растайтын Құжаттар тізілімінен алынған мәліметтер тізбесі

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне ұсынатын техникалық реттеу шараларының сақталуын растау үшін қажетті Құжаттар тізілімінен алынған мәліметтер тізбесі:

- 1) өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)/атауы, мекенжайы, Жеке сәйкестендіру нөмірі/Бизнес сәйкестендіру нөмірі;
- 2) дайындаушының (өндірушінің) атауы;
- 3) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасы бойынша тауар коды (кодтары);
- 4) тауарлар бойынша сандық мәліметтер;
- 5) талаптар сәйкестігіне сәйкестікті растау жүргізілген нормативтік құқықтық актілер және нормативтік құжаттар туралы ақпарат;
- 6) нормативтік құқықтық актілердің талаптарына өнімдердің сәйкестігіне дәлел ретінде сәйкестікті растау жөніндегі органға өтініш берушінің ұсынған құжаттары туралы ақпарат, жүргізілген зерттеулер (сынақтар) және өлшеулер (сынақ хаттамасының күні, нөмірі, сынақ хаттамасын берген сынақ зертханасының атауы және аккредиттелген аттестатының нөмірі, шетелдік сертификаттың күні, нөмірі, оны берген органның атауы) туралы ақпарат;
- 7) сәйкестік сертификатының (сәйкестік туралы декларация) қолданысын тоқтата тұру, жаңарту немесе тоқтату күні және себебі;
- 8) сәйкестік сертификаты (сәйкестік туралы декларация) қолданысын ұзарту күні, мерзімі және оны ұзарту үшін негіздеме;
- 9) сәйкестік сертификатына (сәйкестік туралы декларацияға) қосымша (қосымшалар) туралы мәлімет;
- 10) сәйкестік сертификатын (сәйкестік туралы декларацияны) берген (тіркеген) сәйкестікті растау жөніндегі органның аккредиттеу аттестатының атауы, мекенжайы, нөмірі және берілген күні;

11) сәйкестік сертификатын (сәйкестік туралы декларацияны) берген (тіркеген) сертификаттау жөніндегі орган басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

12) сарапшы-аудитордың (сарапшының) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), мекенжайы;

13) оны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін өнім туралы ақпарат;

14) сәйкестік сертификатының (сәйкестік туралы декларацияның) тиісті позицияларында көрсетілген қосымша ақпараттар;

15) сәйкестік сертификатының (сәйкестік туралы декларацияның) тіркеу нөмірі, сәйкестік сертификаты (сәйкестік туралы декларация) ресімделген бланкіні есепке алу нөмірі және оның қолданылу мерзімі.